

ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек+» жеке бөбекжайы

Дөңгелек үстел:

«Отбасым-байлығым!»

Тәрбиешілер: А.Құрметова

Тақырыбы: «Отбасым – байлығым»

Мақсаты: Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін насихаттау, ата-аналардың тәрбиелік тәжірибесін бөлісуіне мүмкіндік жасау, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Өткізу форматы: Дөңгелек үстел

Міндеттері:

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру;

Ата-аналар арасында өзара тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Іс-шара барысы

1. Кіріспе бөлім

Қатысушыларды қарсы алу.

Педагог-психологтың кіріспе сөзі.

«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында қысқаша ой бөлісу.

2. Негізгі бөлім

«Менің отбасымның басты құндылығы» тақырыбында пікір алмасу.

Отбасындағы сыйластық, сүйіспеншілік және өзара қолдаудың маңызы.

Баланың тұлғалық дамуына отбасының ықпалы туралы әңгіме.

3. Талқылау сұрақтары

Сіздің отбасыңыздың басты құндылығы қандай?

Балаңызбен бірге қандай дәстүрлерді ұстанасыз?

Отбасындағы жылы қарым-қатынасты қалай сақтайсыз?

Бала тәрбиесінде ең маңызды қасиет деп нені санайсыз?

4. Практикалық бөлім

«Отбасымның бақыты» тренинг-жаттығуы.

«Жылы сөздер шеңбері» психологиялық жаттығуы.

Ата-аналардың тәжірибе алмасуы.

5. Қорытынды бөлім

Қатысушылардың пікірлері.

Кері байланыс.

Педагог-психологтың қорытынды сөзі.

Қорытынды

«Бақытты отбасы – бақытты баланың бастауы. Отбасындағы мейірім, сыйластық пен бірлік – бала тәрбиесінің ең үлкен байлығы.»